**Аннотация.** В статье представлены результаты исследования пригодности сырьевых материалов для получения белого портландцементного клинкера, расчета оптимизированных составов сырьевых смесей и оценки качества обожженного клинкера. В настоящее время в мире сохраняется высокий спрос на высококачественный, экологически безопасный и высокопрочный белый портландцемент. Актуальность работы обусловлена как потребностями отечественной промышленности, так и общемировыми тенденциями развития производства белого портландцемента. Научная новизна исследования заключается в том, что впервые разработан состав белого портландцементного клинкера для декоративных и строительных работ с использованием казахстанского сырья и техногенных отходов. В исследовании химический состав сырья и техногенных отходов определяли с помощью рентгенофлуоресцентного спектрометра. Составы сырьевых смесей рассчитывали и оптимизировали с использованием компьютерной программы «Шихта». Качество обожженного клинкера оценивали методом этиленгликолята по содержанию свободного СаО в клинкере. Конечное качество и белизну клинкера определяли с помощью прибора «РЗ-ТБМС-М». Были рассчитаны следующие составы сырьевых смесей: «известняк + кокшетауский каолин + электротермофосфорный шлак» и «известняк + ангренский каолин + электротермофосфорный шлак». Установлена зависимость свойств клинкера от типа сырья, коэффициента насыщения, силикатного и глиноземного модулей. Показана возможность введения 5–35 % электротермофосфорного шлака в состав сырьевой смеси для получения белого портландцементного клинкера. Для разработанных составов на основе смеси «известняк + кокшетауский каолин + электротермофосфорный шлак» процесс клинкерообразования завершался при температуре 1500 °С, а содержание свободного СаО составляло 0,54–1,62 %. Белизна клинкера находилась в пределах 74,1–78,1 %. При использовании сырьевой смеси «известняк + ангренский каолин + электротермофосфорный шлак» процесс клинкерообразования завершался при температуре 1450–1500 °С, а содержание свободного СаО составляло 0,27–1,35 %. Белизна полученного клинкера составляла 71,4–82,1 %. В результате установлено, что весь полученный клинкер пригоден для производства белых цементов 1-го и 2-го классов.

**Ключевые слова:** известняк, каолин, электротермофосфорный шлак, сырьевая смесь, белизна, клинкер, белый цемент



**Кіріспе.** Әлемдік портландцемент өндірісінің көлемі 2025 жылы 4 млрд тонна цементке жетті, оның ішінде ақ портландцементтің көлемі 23 млн тоннаны құрады, бұл жалпы өндіріс көлемінің небәрі 1 % үлесінде жетпейді (White cement, 2026). Ақ портландцементті өндірген елдердің қатарына Қытай – 40 %, Үндістан – 15 % және Еуропа құрлығынан Дания мен Түркияның көрсеткіші жоғары болып келеді. Дүние жүзінде ақ портландцементтің нарықтық бағамы 2025 жылы 9,85 млрд АҚШ долларды құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 6,8 % жоғары болды (White cement, 2025). Негізгі ақ портландцемент өндірушілер тізіміне Aalborg White, Çimsa, JK Cement, UltraTech Cement, Cemex және Holcim секілді ірі кәсіпорындар жатады. Бұл зауыттар ақ портландцемент өндірісінде «жасыл құрылыс» принциптерді қатаң түрде сақтап, энергия және ресурс үнемдеу технологияларды жүзеге асыра отырып, жоғары сападағы экологиялық таза ақ цементтерді өндіреді.

Ақ портландцемент өндіру үшін оған бірнеше талаптар қойылады. Негізгі талаптардың бірі жоғары сапалы құрамында темір оксиді өте төмен болып келетін табиғи шикізаттар мен техногенді қалдықтарды қолдану ұсынылған. Ақ портландцемент алу кезінде клинкер күйдіру процесі жоғары температурада 1450-1500°C жүргендіктен, атмосфераға таралатын зиянды парникті газдардың да үлесі жоғары болып келеді. Жалпы құрылыста қолданатын сұр цемент алу кезінде CO<sub>2</sub> шығарындылары 1 т клинкер үшін 620-690 кг болса, ақ портландцемент клинкері үшін 860-960 кг дейін жетеді (Euronext Sustainability, 2025). CO<sub>2</sub> газының көптеп бөліну себебінің бірі шикізаттарда температураны төмендетуші Fe<sub>2</sub>O<sub>3</sub> аз болуымен байланыстырылады. Технологиялық процесте шикізат материалының жентектелуі есебінен айналмалы пеште атмосфераның төмендеуі негізгі фактордың бірі болып саналады.

БҰҰ-ның мәліметіне сәйкес әлемде цемент өндіруші компанияларға зиянды газдарды (CO, CO<sub>2</sub>, SO<sub>2</sub>, NO<sub>x</sub>) атмосфераға тарату бойынша 7-8 % тиесілі екен. Осы себептен ақ портландцемент өндіру климаттың өзгеруіне, жаһандық жылыну мәселесіне, табиғи шикізат көздердің азаюына, энергияны көп тұтынуға әсерін тигізері сөзсіз (Cement Industry, 2024). Ғалымдар ақ портландцемент өндірісін дамытуда тиімді технологиялық ұсыныстар мен мәселелердің тиімді шешімдерін ұсынып келеді. 2005 жылы ақ портландцемент клинкерді алу үшін шикізат шихта құрамына доменді шлакты қосу арқылы клинкердің ақшыл түсін жақсартуға болатындығын, сонымен қатар, басқада химиялық өндіріс қалдықтарды қолданып көру қажеттігін ұсынған. Осы доменді шлак қосылған шикізат шихтасын күйдіру кезінде энергия қажеттілік және зиянды түтінді газдардың шығу көрсеткіші 20 % төмендегені, өнімнің беріктік көрсеткіші артқандығы анықталған (Brett et. al, 2008).

2024 жылы Еуропалық одақ елдерінде CASPER жобасы аясында цемент зауытының пештерінде парникті газдарды ұстау, соның ішінде CO<sub>2</sub> газын 20 тонна ұстау сәтті жүзеге асты. Осы жоба аясында ACCSION инновациялық қорының қолдауымен барлық цемент зауыттарды CO<sub>2</sub> газын бір жылда 400 мың тоннаға дейін жинау жоспарлады, ары қарай 2030 жылы бұл көрсеткішті нөлге дейін

жеткізу көзделді. Негізі мақсат парникті газдардың таралуын азайту арқылы жаһандық жылыну процесін тежеуге бағытталған (Chatterjee, 2018).

Agusmalem G. және басқада ғалымдар алынған ақ портландцемент беріктігін бетон қоспасына әсерін сынау арқылы сұр портландцементпен салыстыру жұмыстарды жүргізген. Әдеттегідей ақ портландцемент бағасының сұр цементке қарағанда қымбат екендігін, алайда сәулет жұмыстарында ақ портландцемент түрін пайдалану тиімді екендігіне тоқталған. Бетон беріктігін 3, 7, 14, 21 және 28 тәуліктен кейінгі көрсеткіштерге сынау арқылы қысудағы беріктігін салыстырған. Нәтижесінде ақ портландцемент ендірілген бетон беріктігі 3 тәуліктен кейін 13,81 МПа жетсе, бұл көрсеткіш сұр цементте 13,03 МПа құраған. Осы секілді 7 тәуліктен кейінгі көрсеткіш ақ портландцементте 16,68 МПа болса, сұр цементте 15,11 МПа болды. Бетон беріктігінің толық қатаюы көрсеткіші 80-90 % ға 28 тәуліктен кейін жететіндігін ескерсек, ақ портландцементте 28 тәуліктен кейін беріктігі 23,11 МПа болса, сұр цемент ендірілген бетон беріктігі 20,54 МПа болды. Салыстырмалы түрде анықталғандай, ақ портландцемент бетон беріктігіне әсері тиімді екендігі дәлелденген (Agusmalem et. al, 2022).

Ақ портландцемент сапасын арттыру үшін қытайлық цемент өндірушілер шикізат шихта құрамына 16-18 % -  $\text{SiO}_2$ , 0,5-0,7 % - боксит және 0,8-1,0 % - минерализатор ендіру, шикізат шихтаның модульдік көрсеткіштерін  $\text{КК}=0,98$ ;  $n=5,2$ ;  $p=6,1$  жеткізу, шихтаны  $1500^\circ\text{C}$  температурда күйдіру арқылы клинкер күйдіріп алды. Нәтижесінде алынған ақ портландцемент клинкерінің ақтық дәрежесі шамамен 86 % дейін жетті. Компания жетекші мамандары аталған рецептураны және технологиялық процестерді қатаң сақтау қажеттігін ескерткен (Patent, 2019).

Mohamed B. және басқа ғалымдар ақ портландцемент алу кезінде қателіктерге тап болғанын және технологиялық қателіктерді алдын алу қажеттігі бойынша ғылыми мақала жариялаған. Атылған ғалымдар ақ портландцемент клинкер алу үшін шикізат материалдардың құрамында  $\text{Fe}_2\text{O}_3$  мөлшерінің минималды болуын, сапалы таза, ақтығы жоғары әктас минералын пайдалу қажет екендігін, каолин құрамында  $\text{SiO}_2$  мөлшерінің артық болуын, гомегенизация (біректілеу) процесінің нашар болмауын қамтамасыз ету қажетігіне тоқталған. Ақ портландцемент клинкер түзілу процесінде шикізат шихтасының модульдік көрсеткіштері ( $\text{КК}$  және модульдер), күйдіру жоғары температура режимінде сақталмай ақ клинкер алу мүмкін еместігін алға тартқан. Күйдіру процестегі кез-келген ауытқулар мен өзгерістер энергиялық шығындардың артуы мен технологиялық мәселеге әкелетіндігін айқындаған. Зерттеу жұмыстары кезінде алынған ақ клинкердің минералогиялық құрамында алит – 58,5-85,5 %, белит – 2,8-27,6 % дейін ауытқыған. Клинкердегі бос  $\text{CaO}$  мөлшері 3,8 % дейін артып кеткендігі анықталған. Алынған клинкерді микроскопиялық талдау нәтижесінде клинкер суыту процесі дұрыс орындалмағыны әсерінен түзілген минералдардың геометриялық пішіндері өзгерген, кристал түзілу, портландит және периклаз екіншілік минералдарының түзілуі анықталған. Алит минералы пішінсіз, қуыс тесікті болып кездескен (Mohamed et. al, 2016).

Материалдар мен зерттеу әдістері. Ғылыми мақалада зерттеу жұмыстарды жүргізу үшін Састөбе кенорнының әктастын, Ангрен (Өзбекстан) кенорнының және Көкшетау кенорнының каолинін, реттеуші қоспа ретінде техногенді қалдық Жаңа Жамбыл фосфор зауытының электротермофосфор шлагын таңдап алдық. Алынған шикізат материалдар рентгендік флуоресценциялық спектрометрде химиялық құрамы анықталды.

Ақ портландцемент клинкерін алу үшін шикізат шихта құрамын әзірлеу ең алдымен «Шихта» бағдарламасының көмегімен есептеулер жүргізілді. Оңтайландырылған шикізат шихта құрамдарды дайындау, оларды жоғары температурада күйдіру арқылы ақ клинкер алу, клинкер сапасына талдау, оның ақтық дәрежесін анықтау жұмыстары жүргізілді.

Шикізат материалдарды Bruker компаниясының S8 Tiger рентгендік флуоресценциялық спектрометрде химиялық құрамын анықталды. Аталған құрал-жабдық элементтерді  $\text{CaO}$ ,  $\text{SiO}_2$ ,  $\text{Al}_2\text{O}_3$ ,  $\text{Fe}_2\text{O}_3$ ,  $\text{MgO}$ ,  $\text{SO}_3$ , ККЖ (күйдіру кезінде жоғалулар) мөлшерін сандық түрінде дәлме дәл талдап берді. BRUKER S8 TIGER рентген флуоресценциялық спектрометрі (толқынды дисперсиялық, WDXRF), Родий (Rh) анодымен рентген түтігі, қуаты 4 кВт дейін, SPECTRAPlus бағдарламалық жасақтамасы, Планшеттік пресс, Муфель пеші (егер кальцинация қажет болса),  $\pm 0,0001$  г дәлдікпен аналитикалық таразы жабдықталған. Үлгі дайындау  $105 \pm 5$  °C температурада тұрақты салмаққа дейін кептіріледі, содан кейін 63 мкм-ден аз бөлшектердің өлшеміне дейін ұнтақталады. Алынған ұнтақ біртектілікті қамтамасыз ету үшін мұқият араластырылады. Аналитикалық мақсаттарға байланысты престелген таблеткалар дайындалады. 5,0–7,0 г ұнтақ үлгісі 10% байланыстырғышпен (бор қышқылымен) араластырылады. Үлгі 20–30 т қысыммен престеледі. Алынған таблетка анализатор кюветіне орналастырылады. Талдау кезінде түтіктің жұмыс режимі: 20–60 кВ, 20–150 мА, талдау атмосферасы: вакуум немесе гелий (жеңіл элементтер үшін), талданатын элементтер диапазоны: Na-дан U-ға дейін, сигналдың жинақталу уақыты: әр жолға 10–40 с, қолданылатын анализатор кристалдары: LiF, PET, Ge (элементке байланысты). Дайындалған үлгі өлшеу камерасына орналастырылады. Талдау элементтердің сипаттамалық сызықтарын тізбектей өлшеуді қамтитын алдын ала орнатылған бағдарламаға сәйкес автоматты түрде жүргізіледі. Алынған спектрлер элементтердің немесе оксидтердің массалық үлестерін есептеу үшін бағдарламалық жасақтамамен өңделеді. Талдау нәтижелері элементтердің массалық үлестері (%) немесе оксидтер (%) ретінде ұсынылады. Анықтау шегі элементке байланысты 0,001-ден 0,01%-ға дейін болады. Салыстырмалы өлшеу қателігі 2–5%-дан аспайды (Zhanikulov et al, 2020).

«Шихта» компьютерлік бағдарлама Ресейдің В.Г. Шухов атындағы Белгород мемлекеттік технологиялар университетінде құрастырылған. Бағдарламада шикізат материалдардың химиялық құрамын және модульдік көрсеткіштерін ендіру арқылы есептеу жүргізіледі. Есептеу нәтижесінде шикізат шихта құрамы, 1 т клинкер үшін қажетті шикізат материалдардың меншікті шығыны мен үлесі, алынатын клинкердің химиялық және минералогиялық құрамы, клинкердің

модульдік мәндері және клинкер күйдіру процесінің болжамды технологиялық көрсеткіштері келтіріледі. 1 суретте «Шихта» бағдарламасымен есептеу жүргізудің жалпы көрінісі келтірілген (Перескок және басқа, 2010).

Трёхкомпонентная сырьевая смесь

3 компонента

n = 4,0  p =  КН= 0,98

Компонент	SiO2	Al2O3	Fe2O3	CaO	MgO	SO3	R2O	ППП	Прочее	Сумма
Экстас	0,8	0,2	0,28	54,86	0,68	0	0	42,31	0,87	100
Каолин	56,97	17,48	0	2,55	0,14	0,86	0	10,83	11,17	100
фосфор шлак	42,99	4,34	0,47	44,7	0,62	0,38	0	2,0	4,5	100

**В пересчете на 100%**

Компонент	SiO2	Al2O3	Fe2O3	CaO	MgO	SO3	R2O	ППП	Прочее	Сумма
Экстас	0,8	0,2	0,28	54,86	0,68	0	0	42,31	0,87	100
Каолин	56,97	17,48	0	2,55	0,14	0,86	0	10,83	11,17	100
фосфор шлак	42,99	4,34	0,47	44,7	0,62	0,38	0	2,0	4,5	100

**Результаты расчета химического состава сырьевой смеси и клинкера**

Компонент	SiO2	Al2O3	Fe2O3	CaO	MgO	SO3	R2O	ППП	Прочее	Сумма
Экстас 72,59 вес.ч.	0,58	0,15	0,20	39,83	0,49	0,00	0,00	30,71	0,63	72,59
Каолин 15,52 вес.ч.	8,84	2,71	0,00	0,40	0,02	0,13	0,00	1,68	1,73	15,51
фосфор шлак 11,89 вес.ч.	5,11	0,52	0,06	5,31	0,07	0,05	0,00	0,24	0,53	11,89
Состав сырьевой смеси в %	14,53	3,38	0,26	45,54	0,58	0,18	0,00	32,63	2,89	100
Состав Клинкера в %	21,57	5,02	0,39	67,60	0,86	0,27	0,00		4,29	100

**Расчет минералогического состава:**

C3S	C2S	C3A	C4AF	MgO	Сумма
77,05	3,71	12,64	1,19	0,86	95,45

Сырьевая смесь КН = 0,98 n = 3,99 p = 13,00  
Клинкер КН = 0,98 n = 3,99 p = 12,87

Рассчитать

Сурет 1 – «Шихта» бағдарламасымен шикізат шихта құрамын есептеу

Күйдірілген клинкердегі байланыспаған бос кальций оксиді ( $\text{CaO}_{\text{бос}}$ ) мөлшерін анықтау бұл минералдардың түзілу процестерінің толығымен аяқталғанын және күйдіру сапасын анықтауға мүмкіндік береді.  $\text{CaO}_{\text{бос}}$  мөлшері ГОСТ 5382–2019 «Цемент өндірісіне арналған цементтер мен материалдар. Химиялық талдау әдістері» талаптарына сәйкес орындалады (ГОСТ 5382-2019, 2019). Бос кальций оксиді ( $\text{CaO}_{\text{бос}}$ ) мөлшерін анықтау этилен-глициратты әдіспен жүргізіледі. Бұл әдіспен анықтауды Э.И. Нагеров пен Н.И. Колендзян ғалымдар ұсынған. Әдіс  $\text{CaO}_{\text{бос}}$  жалпы құрамын  $\text{CaO}$  және  $\text{Ca}(\text{OH})_2$  түрінде анықтайды. Әдіс цементті ыстық сусыз глициринді ерітіндімен және абсолютты спиртпен өңдеуге арналған, нәтижесінде цемент құрамындағы кальций оксиді сусыз глициринмен әрекеттеспегенде кальций глицераты пайда болады. Осы глицерат спиртті ерітінді бензой қышқылы және сіркеқышқылды аммониймен әрекеттесіп титрлейді. Ерітінді кальций глицератына ғана ауысады. Бос магний оксиді глициринмен реакцияға түспейді.

$\text{CaO}_{\text{бос}}$  анықтауда этиленді-глициратты әдіс басқа әдістерге қарағанда дәл нәтиже береді. *Зерттеуді жүргізу кезінде 0,5 г салмақтағы клинкер үлгісін*

конусты колбаға орналастырып, кейін 30 см<sup>3</sup> ерітінді құйамыз, колбаны жақсылап араластырып, қайта суыту механизміне жалғап қоямыз. Колбаны 20-30 мин аралығында қыздырып, ерітіндіде қызғылт түс пайда болған кезде қайта суыту механизмінен ажыратып, ыстық ерітіндіні бензой қышқылымен титрлейміз. Титрлеу қызғылт түстің жоғалуна дейін жалғасады, сол кезде ғана титрлеу аяқталды деп есептеледі. *Нәтижелерді өңдеу* CaO<sub>бос</sub> массалық үлесін пайыздық мөлшерде анықталады, төмендегі формула бойынша (Xcao<sub>бос</sub>) есептеледі:

$$X_{\text{CaO}_{\text{бос}}} = V \times T(\text{CaO}_{\text{бос}}) \times 100/m \quad (1)$$

мұнда: *V* — зерттеп жатқан ерітіндіні титрлеуге кеткен бензой қышқылының көлемі, см;

*m* — алынған үлгінің салмағы, г (Макарова және басқа, 2011).

**Цементтің ақтық дәрежесін анықтау** «РЗ-ТБМС-М ұн ақтығын өлшейтін тестер» құралының көмегімен орындалды. Ұнтақталған клинкердің ақтық дәрежесін анықтау әдісінің негізгі мәні — тығыздалған әрі тегістелген ұнтақ бетінің спектрдің жасыл бөлігіндегі (540±50 нм диапазонында) диффузиялық шағылу коэффициенттерін өлшеуге негізделген. Ақтық дәреже 45°<sub>diff</sub> геометриясында алынған зоналық диффузиялық шағылу коэффициенті бойынша анықталады. Анықталған нәтиже құралдың экранында екі сан түрінде көрсетіледі: бірінші сан — пайыздық көрсеткіш, диффузиялық шағылу коэффициенті, ал екінші сан — құралдың шартты бірліктерімен, ақтық дәреже мәні. Құралдың өлшеу көлемі фотометриялық жартышар камерасынан тұрады, ол клинкер ұнтақ үлгісінің көлемінен оптикалық мөлдір шыны пластинамен бөлінген. Бұл пластина оған орналастырылатын клинкер ұнтақ үлгісінің тұрақты орнын қамтамасыз етеді. Сәулелену толқын ұзындығы 540 нм болатын жасыл жарық диодтан шыққан жарық ағыны пластинаға қатысты 45° бұрышпен клинкердің ұнтақ бетіне түседі. Клинкер ұнтақ пен жартышардан көп мәрте шағылу нәтижесінде пайда болған шашыраған сәуле фотодетекторға бағытталады. Фотодетектордан алынған сигнал электрондық түрде өңделіп, сандық индикаторда бейнеленеді. Өлшенген нәтиже шашыраған сәулелену деңгейіне, яғни клинкердің ақтығына, тазалығына, гранулометриялық құрамына және түсіне тәуелділігін көрсетеді (Мырзақожа және басқа, 2014).

Нәтижелер және талқылаулар. Табиғи шикізат материалдар мен техногенді қалдықтың химиялық құрамы 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1. Шикізат материалдардың химиялық құрамы.

Шикізат	Химиялық құрамы, сал. %								
	SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	CaO	MgO	SO <sub>3</sub>	ККЖ	басқа	жалпы
Састөбе кен орнының әктасты	0,8	0,2	0,28	54,86	0,68	-	42,31	0,87	100
Ангрен кен орнының каолині	63,99	19,22	0,36	0,64	0,52	0,19	7,98	7,1	100
Көкшетау кен орнының каолині	56,97	17,48	-	2,55	0,14	0,86	10,83	11,17	100

Жаңа Жамбыл фосфор зауытының электротермофосфор шлагы	42,99	4,34	0,47	44,7	0,62	0,38	2,0	4,5	100
---	-------	------	------	------	------	------	-----	-----	-----

Карбонатты жыныс әктас минералы құрамында CaO – 54,86 % және күйдіру кезіндегі жоғалу – 42,31 % тұрады. Сазды компонент ретінде алынған каолин минералының химиялық құрамдарында SiO<sub>2</sub> мөлшері 56,97-63,99 % аралығында және Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> мөлшері 17,48-19,22 % мөлшерінде тұратындығы анықталды. Реттеуші қоспа ретінде алынған қалдық электротермофосфор шлагының химиялық құрамында SiO<sub>2</sub> – 42,99 % және CaO – 44,7 % кездеседі. Бұл оның ақ портландцемент клинкер алу үшін жарамды шикізат екендігін көрсетеді. Химиялық талдау нәтижесінде, барлық шикізат материалдардың құрамында Fe<sub>2</sub>O<sub>3</sub> мөлшері 0,5 %-дан төмен екендігі анықталды және клинкер алу үшін күйдіру процессіне кері әсер етуші зиянды қоспалардың кездеспейтіндігі анықталды.

Жоғарыда келтірілген шикізат материалдарды пайдаланып ақ портландцемент алу үшін клинкер күйдіруге жарамды шихта құрамын есептеу және оңтайлы қоспа таңдау қажеттігі зерделенді.

1) «Әктас + каолин Көкшетау + электротермофосфор шлагы»;

2) «Әктас + каолин Ангрен + электротермофосфор шлагы».

Көп нұсқалы есептеу нәтижелері 2-7 кестелерде келтірілген.

Кесте 2. «Әктас + каолин Көкшетау + электротермофосфор шлагы» үш компонентті шикізат шихталарының химиялық құрамы және шикізаттың меншікті шығыны.

Қоспа №	Шикізат құрамы, %			Меншікті шикізат шығыны, т/т клинкер			КК	Модульдер		Шикізат шихтасының химиялық құрамы, сал. %							
	әктас	каолин Көкшетау	фосфор шлак	әктас	каолин Көкшетау	фосфор шлак		n	р	SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	CaO	MgO	SO <sub>3</sub>	бас-ка	ккж
1	76,43	20,73	5,81	1,104	0,312	0,087	0,88	3,5	17,27	14,9	4,02	0,23	43,42	0,56	0,2	3,22	33,44
2	73,85	20,38	5,77	1,112	0,307	0,087	0,90	3,5	16,9	14,67	3,96	0,23	43,61	0,57	0,2	3,18	33,57
3	74,79	19,55	5,66	1,131	0,296	0,086	0,95	3,5	16,15	14,17	3,81	0,24	44,06	0,57	0,19	3,09	33,87
4	75,32	19,07	5,60	1,142	0,289	0,085	0,98	3,5	15,7	13,88	3,73	0,24	44,31	0,57	0,19	3,04	34,05
5	70,88	16,68	12,44	1,043	0,245	0,183	0,90	4,0	14,0	15,42	3,60	0,26	44,87	0,58	0,19	3,04	32,05
6	71,98	15,94	12,08	1,065	0,236	0,179	0,95	4,0	13,37	14,85	3,45	0,26	45,29	0,59	0,18	2,95	32,42
7	72,59	15,52	11,89	1,078	0,23	0,176	0,98	4,0	13,00	14,53	3,38	0,26	45,54	0,58	0,18	2,89	32,63
8	66,19	10,82	22,98	0,941	0,154	0,327	0,90	5,0	10,3	16,58	3,02	0,29	46,86	0,61	0,18	2,82	29,64
9	67,55	10,26	22,19	0,967	0,147	0,318	0,95	5,0	9,85	15,93	2,89	0,29	47,25	0,61	0,17	2,73	30,13
10	64,22	6,0	29,78	0,897	0,084	0,416	0,95	6,0	7,72	16,73	2,47	0,32	48,7	0,63	0,16	2,57	28,42

Есептеу нәтижесі 2 кестеде келтірілгендей, шикізат шихта құрамына фосфор шлагы 5,6 – 29,7 % дейін ендіру мүмкіндігі анықталды. Қанығу коэффициентінің мәнін 0,88-ден 0,98-ге дейін жоғарлату кезінде силикатты және глиноземді модульдердің мәнінің өзгеруіне алып келуде. Шикізат материалдардың меншікті теориялық шығыны 1 тонна клинкер үшін 1,39 - 1,52 т/т аралығын қамтылды. Силикатты модуль көрсеткіші 3,5-тен 6,0-ға дейін арттырған кезде сазды компонент каолиннің үлесі 20,7 %-дан 6,0 %-ға дейін біртіндеп төмендеуіне алып келді. Сондай-ақ, силикатты модульдың артуымен глиноземді модуль 17,27-ден

7,72-ге дейін төмендеді. Шикізат шихтасының химиялық құрамында  $Fe_2O_3$  үлесі талап бойынша 0,3–0,5 %-дан жоғары болған жоқ.

Кесте 3. «Әктас + каолин Көкшетау + электротермофосфор шлагы» үш компонентті шикізат шихталарына негізделген клинкерлердің химиялық және минералогиялық құрамы.

Қоспа №	Клинкердің химиялық құрамы, сал. %							ҚК	Модульдер		Минералогиялық құрамы, сал. %			
	SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	CaO	MgO	SO <sub>3</sub>	басқа		n	p	C <sub>3</sub> S	C <sub>2</sub> S	C <sub>3</sub> A	C <sub>4</sub> AF
	1	22,38	6,04	0,35	65,24	0,85	0,3		4,83	0,88	3,5	17,27	54,43	23,1
2	22,10	5,96	0,35	65,65	0,85	0,3	4,78	0,90	3,5	16,9	58,79	19,01	15,2	1,07
3	21,43	5,76	0,36	66,63	0,86	0,29	4,67	0,95	3,5	16,15	69,21	9,21	14,67	1,09
4	21,04	5,65	0,36	67,19	0,87	0,28	4,61	0,98	3,5	15,7	75,16	3,62	14,37	1,09
5	22,69	5,29	0,38	66,03	0,86	0,28	4,47	0,90	4,0	15,42	60,34	19,51	13,38	1,15
6	21,98	5,11	0,38	67,03	0,87	0,27	4,37	0,95	4,0	13,37	70,98	9,45	12,9	1,16
7	21,57	5,02	0,39	67,60	0,86	0,27	4,29	0,98	4,0	13,0	77,05	3,71	12,64	1,19
8	23,56	4,29	0,42	66,6	0,86	0,26	4,01	0,90	5,0	10,3	62,67	20,26	10,67	1,27
9	22,8	4,14	0,42	67,61	0,87	0,25	3,91	0,95	5,0	9,85	73,63	9,8	10,25	1,27
10	23,38	3,45	0,45	68,03	0,88	0,23	3,59	0,95	6,0	7,72	75,51	10,05	8,38	1,36

Есептеу нәтижесі 3 кестеде келтірілгендей, клинкердің химиялық құрамында  $Fe_2O_3$  үлесі талап бойынша 0,3–0,5 %-дан жоғары емес, бұл цемент түсінің ақ болу үшін маңызды көрсеткіш болып саналады. Күйдірілген клинкердің болжамды минералогиялық құрамында қанығу коэффициентінің мәні 0,88-ден 0,98-ге дейін жоғарлағанда алит ( $C_3S$ ) минералының үлесі 54,4 - 77,0 %-ға дейін артқаны және керісінше белит ( $C_2S$ ) минералының үлесі 23 %-дан 3,62 %-ға дейін төмендегені анықталды. Аралық фазаның ( $C_3A+C_4AF$ ) саны 16 %-дан 9,6 %-ға дейін төмендеді. Ақ портландцемент клинкер алу үшін клинкер құрамында  $C_4AF$  минералы минималды мөлшерде 3-5 %-дан төмен болу керек екендігі талап ретінде қойылған. Аталған есептеу нәтижесінде  $C_4AF$  минералының үлесі 1,5 %-да жетпеді.  $C_3S$  минералының үлесі 50-60 %-дан жоғары болу керек талабы толық орындалғаны көрсетілген.

Кесте 4. «Әктас + каолин Көкшетау + электротермофосфор шлагы» шикізат шихталардың күйдіру индексі және күйдіру коэффициенті.

Қоспа №	ҚК	Модульдер		Сұйық фаза саны, L %	Күйдіру индексі (онтайлы 2,5-3,0)	n*p	Жентектелу коэффициенті (онтайлы 0,5-0,6)	Гидравликалық модуль (онтайлы 1,7-2,4)	Материалдың футеровкаға жабысу критеріі (онтайлы 3,0-3,5)	Жылу калометриялық модуль (онтайлы 0,3-1,8)
		n	p							
1	0,88	3,5	17,27	24,7	3,3	60,4	0,7	2,27	3,7	2,89
2	0,90	3,5	16,9	24,4	3,61	59,27	0,77	2,31	3,7	3,68
3	0,95	3,5	16,15	23,72	4,39	56,53	0,94	2,42	3,72	8,14
4	0,98	3,5	15,7	23,32	4,86	54,99	1,04	2,48	3,72	19
5	0,90	4,0	15,42	22,15	4,15	56	0,88	2,33	4,28	3,57
6	0,95	4,0	13,37	21,52	5,05	53,49	1,07	2,44	4,3	7,9
7	0,98	4,0	13,0	21,15	5,59	52,08	1,19	2,5	4,3	18,38
8	0,90	5,0	10,3	18,8	5,25	51,5	1,11	2,36	5,48	3,4

9	0,95	5,0	9,85	18,24	6,38	49,27	1,35	2,47	5,51	7,57
10	0,95	6,0	7,72	15,92	7,75	46,32	1,63	2,49	6,78	7,35

Есептеу нәтижесі 4 кестеде келтірілгендей, күйдірілген клинкердің өндірістік көрсеткіштеріне сипаттама жасай отырып, зерттеліп отырған үш компонентті шихталардың күйдіру қабілеті қиын екені анықталды. Сұйық фазаның мөлшері төмен — 24 %-тен 18%-ға дейін азайды. Сұйық фазаның мөлшері ҚК шамасына және силикатты модуліне байланысты өзгерді. Бұл көрсеткіштер артқан сайын клинкердегі сұйық фазаның мөлшері азаяды, бұл өз кезегінде ақ клинкерді күйдіру процесіне едәуір қиындатады. Күйдірілу индексі, жентектелу коэффициенті және футеровкаға жабысу критерийі оңтайлы мәндерден жоғары. ҚК шамасы мен силикатты модулі артқан сайын бұл критерийлер нашарлап жатыр деген қорытынды жасауға болады.

Кесте 5. «Әктас + каолин Ангрен + электротермофосфор шлагы» үш компонентті шикізат шихталарының химиялық құрамы және шикізаттың меншікті шығыны.

Қоспа №	Шикізат құрамы, %			Меншікті шикізат шығыны, т/т клинкер			ҚК	Модульдер		Шикізат шихтасының химиялық құрамы, сал. %							
	әктас	каолин Ангрен	фосфор шлак	әктас	каолин Ангрен	фосфор шлак		n	р	SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	CaO	MgO	SO <sub>3</sub>	бас-ка	ккж
1	75,37	18,33	5,8	1,133	0,283	0,087	0,88	3,5	13,14	15,15	4,02	0,31	44,06	0,65	0,06	2,25	33,51
2	71,94	15,38	13,67	1,057	0,226	0,186	0,88	4	11,54	15,87	3,65	0,32	45,23	0,65	0,08	2,29	31,92
3	75,74	18,56	5,76	1,141	0,28	0,087	0,9	3,5	12,94	14,92	3,96	0,31	44,24	0,65	0,06	2,19	33,64
4	76,61	17,79	5,66	1,16	0,269	0,086	0,95	3,5	12,48	14,39	3,81	0,3	44,67	0,65	0,06	2,23	33,94
5	77,11	17,35	5,6	1,17	0,263	0,085	0,98	3,5	12,22	14,09	3,72	0,3	44,91	0,65	0,05	2,2	34,12
6	67,12	9,78	23,13	0,954	0,139	0,329	0,9	5	9,08	16,72	3,01	0,33	47,22	0,65	0,11	2,35	29,64
7	68,41	9,27	22,32	0,98	0,133	0,320	0,95	5	8,74	16,06	2,88	0,33	47,58	0,65	0,1	2,28	30,14
8	69,18	8,98	21,87	0,994	0,129	0,314	0,98	5	8,54	15,68	2,81	0,33	47,78	0,65	0,1	2,25	30,42
9	61,85	2,4	35,76	0,848	0,033	0,49	0,95	7	6,1	17,4	2,14	0,35	49,93	0,65	0,14	2,32	-

Есептеу нәтижесі 5 кестеде келтірілгендей, Ангрен кенорнынан алынған каолинмен келтірілген есептеу нәтижесінде, 1 тонна клинкер алу үшін қажетті фосфор шлагының үлесі шамамен 85-490 кг құрады. Қанығу коэффициентінің мәні 0,88-ден 0,98-ге дейін жоғарлату силикатты молдудің 3,5-тен 7-ге дейін жоғарлауына және глиноземді модульдің 13-тен 6-ға дейін мәнінің төмендеуіне алып келді. Шикізат материалдардың меншікті теориялық шығыны 1 тонна клинкер үшін 1,515 т/т-дан 1,437 т/т дейін өзгерді. Силикатты модуль көрсеткіші 3,5-тен 7,0-ге дейін жоғарлауы кезінде сазды компонент каолиннің үлесі 18 %-дан 2,5 %-ға дейін біртіндеп төмендеуіне алып келді. Шикізат шихтасының химиялық құрамында Fe<sub>2</sub>O<sub>3</sub> мөлшері 0,3–0,35 % аралығын құрады.

Кесте 6. «Әктас + каолин Ангрен + электротермофосфор шлагы» үш компонентті шикізат шихталарына негізделген клинкерлердің химиялық және минералогиялық құрамы.

Қоспа №	Клинкердің химиялық құрамы, сал. %							ҚК	Модульдер		Минералогиялық құрамы, сал.%			
	SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	CaO	MgO	SO <sub>3</sub>	баска		n	p	C <sub>3</sub> S	C <sub>2</sub> S	C <sub>3</sub> A	C <sub>4</sub> AF
1	22,78	6,05	0,46	66,27	0,97	0,09	3,39	0,88	3,5	13,14	55,4	23,51	15,24	1,4
2	23,31	5,36	0,46	66,44	0,95	0,11	3,36	0,88	4	11,54	56,68	24,05	13,42	1,41
3	22,49	5,96	0,46	66,67	0,97	0,09	3,36	0,9	3,5	12,94	59,81	19,34	15,02	1,4
4	21,79	5,76	0,46	67,62	0,98	0,08	3,3	0,95	3,5	12,48	70,38	9,37	14,49	1,4
5	21,39	5,65	0,46	68,17	0,99	0,08	3,26	0,98	3,5	12,22	76,4	3,68	04,18	1,4
6	23,76	4,28	0,47	67,11	0,92	0,15	3,29	0,9	5	9,08	63,21	20,44	10,54	1,43
7	22,98	4,12	0,47	68,11	0,93	0,15	3,23	0,95	5	8,74	74,24	9,88	10,13	1,44
8	22,54	4,04	0,47	68,68	0,94	0,14	3,19	0,98	5	8,54	80,52	3,88	9,89	1,44
9	23,86	2,93	0,48	68,46	0,9	0,19	3,18	0,95	7	6,1	77,06	10,26	6,95	1,46

Есептеу нәтижесі 6 кестеде келтірілгендей, клинкердің химиялық құрамында Fe<sub>2</sub>O<sub>3</sub> мөлшері 0,46–0,48 %-ды құрады, бұл талап бойынша белгіленген 0,3–0,5 %-дан жоғары емес екендігін көрсетеді. Клинкердің минералогиялық құрамында қанығу коэффициентінің мәнін 0,88-ден 0,98-ге дейін жоғарлатқанда алит (C<sub>3</sub>S) минералының үлесі 55 %-дан - 80,0 %-ға дейін жоғарлағаны және керісінше белит (C<sub>2</sub>S) минералының үлесі 23,5 %-дан 3,6 %-ға дейін төмендегені анықталды. Есептеулерге сәйкес, 0,95-0,98 жоғары қанығу коэффициенті бар клинкерлерде алит мөлшері 70-76 % және 4-9 % аз мөлшерде белит шығуы сапалы ақ портландцемент клинкерді алуға тиімді болып табылады. Аралық фазаның (C<sub>3</sub>A+C<sub>4</sub>AF) мөлшері 16,5 %-дан 7,5 %-ға дейін төмендеді. Ақ портландцемент клинкерді алу үшін клинкер құрамында C<sub>4</sub>AF минералы минималды мөлшерде 3-5 %-дан төмен болу керек талабы қойылған. Аталған есептеу нәтижесінде C<sub>4</sub>AF минералының үлесі 1,5 %-да жетпейді. C<sub>3</sub>S минералының үлесі 50-60 %-дан жоғары болуы қойылған талаптарды толық орындалғанын көрсетеді.

Кесте 7. «Әктас + каолин Ангрен + электротермофосфор шлагы» шикізат шихталардың күйдіру индексі және күйдіру коэффициенті.

Қоспа №	ҚК	Модульдер		Сұйық фаза саны, L %	Күйдіру индексі (онтайлы 2,5-3,0)	n*p	Жентектелу коэффициенті (онтайлы 0,5-0,6)	Гидравликалық модуль (онтайлы 1,7-2,4)	Материалдың футеровкаға жабысу критеріі (онтайлы 3,0-3,5)	Жылу калометриялық модуль (онтайлы 0,3-1,8)
		n	p							
1	0,88	3,5	13,14	23,41	3,33	45,98	0,7	2,26	3,77	2,84
2	0,88	4	11,54	24,33	3,23	45,69	0,62	2,23	3,44	2,91
3	0,9	3,5	12,94	18,11	5,28	45,4	1,12	2,35	5,55	3,37
4	0,95	3,5	12,48	17,59	6,42	43,68	1,35	2,47	5,57	7,45
5	0,98	3,5	12,22	17,29	7,1	42,7	1,50	2,54	5,58	17,01
6	0,9	5	9,08	23,14	3,64	45,3	0,77	2,3	3,77	3,60
7	0,95	5	8,74	22,48	4,43	43,7	0,94	2,41	3,78	7,88
8	0,98	5	8,54	22,11	4,9	42,8	1,04	2,48	3,79	17,82
9	0,95	7	6,1	14,01	9,17	42,73	1,91	2,51	8,15	7,17

7 кестеде келтірілген нәтижеде, күйдірілетін клинкердің өндірістік көрсеткіштеріне сипаттама жасай отырып, зерттеліп отырған үш компонентті шихталардың күйдіру қабілеті қиын жүретіндігі анықталды. Сұйық фазаның мөлшері төмен, 23-тен 17,5% -ға дейін азаюда. Сұйық фазаның мөлшері ҚК және силикат модуліне байланысты өзгереді. ҚК және глиноземді модуль артқан сайын клинкердің сұйық фазасының мөлшері азаяды, бұл ақ клинкерді күйдіруді қиындатады. Күйдіру индексі, жентектелу коэффициенті және футеровкаға жабысу критерийі оңтайлы мәндерден жоғары. ҚК шамасы мен силикат модуль артқан сайын бұл критерийлер нашарлай түсуде.

Есептеу нәтижесінде алынған шикізат шихта құрамдардың көмегімен 1450 және 1500 °С температурада ақ портландцемент клинкер алу үшін күйдіру жұмыстары орындалды. Алынған клинкердің сапасын анықтау мақсатында құрамында байланыспаған бос СаО мөлшері анықталды. Зерттеу жұмысының нәтижелері 8 және 9 кестелерде көрсетілген.

Кесте 8. «Әктас + каолин Көкшетау + электротермофосфор шлагы» шихта құрамының СаО байланысу процесіне және клинкерлердің ақтығына әсері.

Қоспа №	Шикізат құрамы, %			ҚК	Модульдер		Бос СаО мөлшері, % күйдіру температурасында 1500, °С	Ақтық дәрежесі, %	008 електегі қалдық, %
	әктас	каолин Көкшетау	фосфор шлак		п	р			
1	76,43	20,73	5,81	0,88	3,5	17,27	0,54	78	3,5
2	73,85	20,38	5,77	0,90	3,5	16,9	0,88	76,8	5
3	74,79	19,55	5,66	0,95	3,5	16,15	0,95	78,1	7,3
4	75,32	19,07	5,60	0,98	3,5	15,7	0,95	77,7	4,2
5	70,88	16,68	12,44	0,90	4,0	14,0	1,22	75,1	5,7
6	71,98	15,94	12,08	0,95	4,0	13,37	1,22	75,2	6,5
7	72,59	15,52	11,89	0,98	4,0	13,00	1,62	77,2	7,4
8	66,19	10,82	22,98	0,90	5,0	10,3	1,08	74,9	3,2
9	67,55	10,26	22,19	0,95	5,0	9,85	1,48	71,3	6,9
10	64,22	6,0	29,78	0,95	6,0	7,72	2,7	74,1	1

«Әктас + каолин Көкшетау + электротермофосфор шлагы» шикізат шихталарды 1500 °С температурада күйдіру нәтижесінде алынған клинкерлердің құрамындағы байланыспаған бос СаО мөлшері 0,54-2,7 % аралығында болды. Мұнда №10 клинкер құрамында байланыспаған бос СаО мөлшері 2 % артық болуы оның ГОСТ 30108-2020 талаптарына (ГОСТ 31108-2020, 2019) сәйкес келмейтіндігін көрсетті.

Алынған клинкерлердің ақтық дәрежесі 74,1 – 78,1 % көрсетті. Бұл жалпы 2-ші дәрежелі ақ цементтерді алуға мүмкіндік береді. Шикізат шихта құрамында фосфор шлагының мөлшері 22-29 %-ға дейін артқан сайын клинкердің ақтық дәрежесі аздап төмендейді. Клинкердің ең жақсы ақтық дәрежесі (77-78%) 5-6 % ғана фосфор шлак ендірілген құрамдарда қол жеткізілген. Силикатты модульді 5-6-ға дейін арттыру клинкер күйдіруді қиындатады және клинкерлердегі бос СаО мөлшерін 1,6 %-дан 2,7 %-ға дейін арттырып алып келді.

Кесте 9. «Әктас + каолин Ангрен + электротермофосфор шлагы» шихта құрамының СаО байланысу процесіне және клинкерлердің актығына әсері.

Қоспа №	Шикізат құрамы, %			ҚК	Модульдер		Бос СаО мөлшері, % күйдіру температурасында, °С		Актық дәрежесі, %		008 електегі қалдық, %	
	әктас	каолин Ангрен	фосфор шлак		n	р	1450	1500	1450	1500	1450	1500
1	75,37	18,33	5,8	0,88	3,5	13,14	-	0,27	-	78	-	4,4
2	71,94	15,38	13,67	0,88	4	11,54	-	0,27	-	75,2	-	7,9
3	75,74	18,56	5,76	0,9	3,5	12,94	-	0,54	-	80,7	-	8,9
4	76,61	17,79	5,66	0,95	3,5	12,48	-	0,68	-	80,6	-	7,3
5	77,11	17,35	5,6	0,98	3,5	12,22	-	1,08	-	82,1	-	5,9
6	67,12	9,78	23,13	0,9	5	9,08	0,54	0,81	79,5	75	3,2	10,2
7	68,41	9,27	22,32	0,95	5	8,74	0,68	0,95	72,5	72,5	8,9	10
8	69,18	8,98	21,87	0,98	5	8,54	0,95	1,08	71,4	76,8	6,7	8,9
9	61,85	2,4	35,76	0,95	7	6,1	0,68	1,35	73,3	73,2	4,3	5,54

«Әктас + каолин Ангрен + электротермофосфор шлагы» шикізат шихталарды 1450 және 1500 °С температурада күйдіру нәтижесінде алынған клинкерлердің құрамындағы байланыспаған бос СаО мөлшері 2 % төмен болды. Бұл ГОСТ 30108-2020 талаптарына толық сәйкес келеді. Алынған клинкерлердің актық дәрежесін анықтау кезінде фосфор шлагының мөлшері ең аз болған №3, 4 және 5 клинкерлерде 80,6 - 82,1% құрады — бұл клинкерлер 1-ші дәрежелі ақ цементтер типіне жатады. Фосфор шлак мөлшері 21,8 – 35,7 %-ға дейін артқан сайын клинкерлердің актығы 72 – 76,8 %-ға дейін төмендеді (2 және 3-ші дәрежелі ақ цемент). Бұл клинкер құрамында фосфор шлагының үлесінің артуы мен және фосфор шлагының құрамында темір оксидінің мөлшерінің айтарлықтай жоғары болуымен (0,47 %) түсіндіріледі, бұл ақ клинкерде төрт кальцийлі алюмоферрит минералының көп мөлшерде түзілуіне алып келді (Taimasov and Klassen, 2017).

Қорытынды. Зерттеу жұмысының нәтижесінде келесідей қорытынды жасалды:

1. Ақ портландцемент клинкерді алу үшін «Шихта» бағдарламасында «Әктас + каолин Көкшетау + электротермофосфор шлагы» және «Әктас + каолин Ангрен + электротермофосфор шлагы» шикізат шихта құрамдары есептелді. Нәтижесінде оңтайландырылған шикізат шихта құрамдары мен теориялық алынатын клинкерлердің химиялық және минералогиялық құрамдары анықталды. Клинкердің шикізат түріне, қанығу коэффициентіне, силикатты және глиноземді модульдерге тәуелділік заңдылықтары айқындалды. Ақ портландцемент клинкер алу үшін шихта құрамына 5 – 35 % дейін электротермофосфор шлагын ендіру мүмкіндігі белгіленді.

2. Әзірленген «Әктас + каолин Көкшетау + электротермофосфор шлагы» шикізат шихта құрамдарда клинкер түзілу процесі 1500 °С температурада аяқталғаны және СаО<sub>бос</sub> мөлшері 0,54–1,62 % аралығында болғаны анықталды. Алынған клинкерлердің актық дәрежесі 74,1–78,1 % болды, бұл 2-ші дәрежелі ақ цементтерді алуға жарамды клинкер екендігі анықталды.

3. Әзірленген «Әктас + каолин Ангрен + электротермофосфор шлагы» шикізат

шихта құрамдарда клинкер түзілу процесі 1450-1500 °C температурада аяқталғаны және  $\text{CaO}_{600}$  мөлшері 0,27–1,35 % аралығында болғаны анықталды. Алынған клинкерлердің ақтық дәрежесі 71,4–82,1 % болды, бұл 1-ші және 2-ші дәрежелі ақ цементтерді алуға жарамды клинкер екендігі анықталды.

Қорытындылай келе, жүргізілген есептеу және клинкер күйдіру жұмыстарының нәтижесінде электротермофосфор шлагын шихта құрамына ендіру әсерінен жоғары сапалы, ақтық дәрежесі 1-ші және 2-ші болатын портландцемент клинкерін алуға толықтай мүмкіндік бар екендігі дәлелденді.

### References

Arusmalem G., Damar H.P., Bing S., Prasetya A. (2022) Comparison of Compressive Strength of Concrete using white Portland cement with Gray cement. *Journal Teknik sipil & perencanaan*. – 24. – P. 01-07. (in English)

Brett D.Y., Smith J.L. (2008) *Technology of Portland cement: textbook for institutes of higher education*, Michigan Technical Institute: USA. – 345 p. (in English)

Cement Industry Net Zero Progress Report 2024/25. Global Cement and Concrete Association. On this link. <https://gccassociation.org/wp-content/uploads/2024/11/GCCA-Cement-Industry-Progress-Report-202425.pdf> 10.11.2024. (in English)

Chatterjee A.K. (2018) *Cement production technology: principles and practice*, CRC Press: USA. – 419 p. (in English)

Euronext Sustainability Week 2025. Cementirholding. On this link. [https://www.cementirholding.com/sites/default/files/documenti/2025-09/InvestorPresentation%20ESG%20Sept%202025\\_0.pdf](https://www.cementirholding.com/sites/default/files/documenti/2025-09/InvestorPresentation%20ESG%20Sept%202025_0.pdf) 10.09.2025. (in English)

GOST 31108-2020 (2019) *Tsementy obshchestroitel'nyye. Tekhnicheskiye usloviya*. [General construction cements. Technical specifications.]. Standard Inform Publishing House: Moscow, Russia. – 18 p. (in Russian)

GOST 5382-2019 (2019) *Tsementy i materialy tsementnogo proizvodstva. Metody khimicheskogo analiza*. [Cements and materials for cement production. Methods of chemical analysis.]. Standard Inform Publishing House: Moscow, Russia. – 30 p. (in Russian)

Makarova I.A., Lokhova N.A. (2011) *Fiziko-khimicheskiye metody issledovaniya stroitel'nykh materialov* [Physico-chemical methods of research of building materials]. BSU edition: Belarus. – 2011. – 139 p. (in Russian)

Mohamed B., Rabah A., Amel J., Abdesslem Ben H.A., Hafsia Ben R. (2016) Morphological analysis of white cement clinker minerals: Discussion on the crystallization-related defects. *International Journal of Analytical Chemistry*. – 4. – P. 1-10. (in English)

Myrzakozha D.A., Mirzakhodzhaev A.A. (2014) *Zamanai zertteu adisteri* [Modern research methods]. Almaty. – 2014. – 352 p. (in Kazakh)

Patent CN110698089B (2019) White portland cement clinker and preparation process thereof. Sichuan Zongsheng Special Cement Co Ltd. – 8 p. (in English)

Pereskok S.A., Bandurin A.A., Filippov P.A., Serkina N.N., Shirshov D.S. (2010) *Metodicheskoye rukovodstvo po primeneniuyu programmy «Shikhta»* [Methodological guidance on the use of the «Mixture» program]. V.G. Shukhov BSTU: Belgorod, Russian Federation. (in Russian)

Taimasov B.T., Klassen V.K. (2017) *Khimicheskaya tekhnologiya vyazhushchikh materialov* [Chemical technology of binding materials]. Publishing house of BSTU: Belgorod. – 448 p. (in Russian)

White Cement Market (2025-2030). Market Analysis Report. On this link. <https://www.grandviewresearch.com/industry-analysis/white-cement-market-report> 30.12.2025. (in English)

White cement market size & share analysis – Growth trends and forecast (2026-2031). Mordor Intelligence. On this link. <https://www.mordorintelligence.com/industry-reports/white-cement-market> 07.01.2026. (in English)

Zhanikulov N.N., Taimasov B.T., Borisov I.N., Dzhanmuldaeva Zh.K., Dauletiarov M.S. (2020) Research on the obtaining of low energy cements from technogenic raw materials. *Journal of Chemical Technology and Metallurgy*. – 4. – P. 814-823. (in English)

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)  
ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)  
<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>**

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*  
Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*  
Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 16.03.2026.

Формат 60x88<sup>1</sup>/<sub>8</sub>.  
18,0 п.л. Заказ 1.